

**2018 жылғы 13 ақпандағы
"Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы"
Акционерлік қоғамының Жарғысына
өзгертулер мен толықтырулар**

8-тармақ, 2-бөлім. Қоғамның құқықтық мәртебесі мынадай редакцияда жазылсын:

Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны және ЖОО-ны дамыту бағдарламасын басшылыққа алады.

Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, адалдық және іскерлік этика қағидаттарын ұстанады.

5-абзац, 1) тармақша, 12-тармақ, 4-бөлім Қоғам қызметінің түрлері мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жоғары медициналық және фармацевтикалық, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімі бар денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін, сондай-ақ жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

23-тармақ, 5-бөлім. Оқуға қабылдау тәртібі, білім беру процесін ұйымдастыру (оқыту және тәрбиелеу). Қоғамда білім алушыларды ағымдағы бақылау, аралық аттестаттау жүйесі мынадай редакцияда жазылсын:

Қоғамның білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) бекітілген кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес және оның академиялық саясаты негізінде жүзеге асырылады, ол шаралар, ережелер мен рәсімдер жүйесі болып табылады. Білім беру қызметін жоспарлау мен басқару және оқу процесін тиімді ұйымдастыру бойынша, студенттерге бағытталған оқытуды жүзеге асыруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

Қоғамда іске асырылатын білім беру бағдарламалары білім беру бағдарламаларының тізілімінде ұсынылуы тиіс.

Қоғамның оқу процесін ұйымдастыру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС), үлгілік оқу жоспарының, бекітілген оқу жұмыс жоспарларының, академиялық күнтізбенің, штаттық кестенің және оқу сабақтарының кестесінің негізінде жүзеге асырылады.

Бір оқу жылы шеңберінде Қоғамның оқу процесін ұйымдастыру қоғамның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілетін Академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамда оқу сабақтарының мынадай негізгі түрлері белгіленеді: дәрістер, практикалық, семинарлық, зертханалық сабақтар, оқытушының басшылығымен білім алушылардың өзіндік жұмысы, білім алушылардың өзіндік жұмысы, практика және басқа да сабақ түрлері.

Отансүйгіштікті, азаматтықты, құқықтық мәдениетті дамыту, сондай-ақ студенттердің сан алуан қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту Қоғамның білім беру қызметіндегі басым міндеттерінің бірі болып табылады.

27-тармақ, 5-бөлім. Оқуға қабылдау тәртібі, білім беру процесін ұйымдастыру (оқыту және тәрбиелеу). Қоғамда білім алушыларды ағымдағы бақылау, аралық аттестаттау жүйесі мынадай редакцияда жазылсын:

Білім алушыларды ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленеді.

31-тармақ, 5-бөлім. Оқуға қабылдау тәртібі, білім беру процесін ұйымдастыру (оқыту және тәрбиелеу). Қоғамда білім алушыларды ағымдағы бақылау, аралық аттестаттау жүйесі өзгертіліп мынадай редакцияда жазылсын:

Бюджет каражаты есебінен білім алушылар үшін тегін білім беру қызметтерін ұсынумен қатар, Қоғам "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ақылы білім беру қызметтерін көрсетеді.

Қоғамның Денсаулық сақтау саласында ақылы қызметтерді "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес көрсетеді.

Ақылы білім беру қызметтерін іске асыруға байланысты қоғам мен білім алушының, оның ата-аналары мен заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынасы білім деңгейін, оқу мерзімдерін, оқу ақысының мөлшерін, өзге де шарттарды айқындайтын ақылы негізде тауарлар (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер) беруге арналған шартпен реттеледі.

31.1. Қоғамның жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының тізімі

Бакалавриат

6B10111 Қоғамдық денсаулық

6B10104 Мейіргер ісі

6B10106 Фармация

6B10117 Стоматология

- 6B 10103 Стоматология
- 6B 10114 Стоматология (интернатура)
- 6B 10110 Стоматология (Ўзбекистан, қосдипломдық ББ)
- 6B10116 Педиатрия
- 6B 10102 Педиатрия
- 6B 10113 Педиатрия (интернатура)
- 6B10115 Медицина
- 6B 10101 Жалпы медицина
- 6B 10112 Жалпы практика дәрігері (интернатура)
- 6B10120 Терапия (интернатура)
- 6B10121 Хирургия (интернатура)
- 6B10119 Акушерия және гинекология (интернатура)
- 6B10118 Медициналық-профилактикалық іс
- 6B07201 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы
- 6B07205 Фармацевтика және медицинадағы цифрлық инжиниринг
- 6B07207 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы (Ресей, бірлескен ББ)

Магистратура

- 7M10143 Фармацевтикалық экология (Ресей, қосдипломдық ББ)
- 7M10142 Фармация
- 7M10104 Фармация (бейінді)
- 7M10140 Қоғамдық денсаулық сақтау
- 7M10102 Қоғамдық денсаулық сақтау (мамандандырылған)
- 7M10141 Мейіргер ісі
- 7M10144 Медицина
- 7M10101 Медицина (бейінді)
- 7M10105 Медико-профилактикалық іс (мамандандырылған)

Докторантура

- 8D10140 Фармация
- 8D10141 Медицина
- 8D10139 Қоғамдық денсаулық сақтау

Резидентура

- 7R01102 Ревматология (ересектер, балалар)
- 7R01117 Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)
- 7R01132 Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)
- 7R01128 Оториноларингология (ересектер, балалар)
- 7R01125 Травматология-ортопедия (ересектер, балалар)
- 7R01126 Урология және андрология (ересектер, балалар)
- 7R01130 Педиатрия
- 7R01108 Эндокринология (ересектер, балалар)
- 7R01101 Кардиология (ересектер, балалар)
- 7R01124 Ересектер онкологиясы
- 7R01104 Гастроэнтерология (ересектер, балалар)
- 7R01120 Нейрохирургия (ересектер, балалар)
- 7R01131 Неонатология
- 7R01136 Жалпы хирургия
- 7R01115 Радиациялық онкология

7R01123 Балалар хирургиясы
7R01109 Нефрология (ересектер, балалар)
7R01114 Радиология
7R01137 Неврология (ересектер, балалар)
7R01103 Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)
7R01140 Физикалық медицина және оңалту (ересектер, балалар)
7R01111 Инфекциялық аурулар (ересектер, балалар)
7R01139 Терапия
7R01107 Пульмонология (ересектер, балалар)
7R01142 Клиникалық фармакология
7R01138 Отбасылық медицина

Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы (қолданбалы бакалавриат)

09130100 Мейіргерлік іс
Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары
09110100 Стоматология
09110200 Ортопедиялық стоматология
09120100 Емдеу ісі
09130100 Мейіргер ісі
09130200 Акушерлік іс
09160100 Фармация

32-тармақ, 6-бөлім. Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару тәртібі мынадай редакцияда жазылсын:

Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

Білім алушыларды оқудан шығарудың негізі мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында айқындалады.

Уәкілетті тұлға
"ОҚМА" АҚ ректоры



Ж.С.Сейтжанова

